# Талдықорған

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

Газет 1992 жылдың 2-наурызынан шыға бастады

www.taldykorgan-online.kz
e-mail: taldyk@bk.ru
@Taldykorganpress

№46 (1836) Жұма, 15-қараша 2024 жыл / Қоғамдық-саяси газеті


САЯСАТ

## БОЛАШАҚҚА ОРТАҚ БАҒДАР

### Қазақстан Республикасының Президенті Бакудегі Дүниежүзілік климат саммитіне қатысты



**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына қосылушы тараптардың 29-шы конференциясы аясында өткен климат саласындағы іс-қимыл жөніндегі әлем көшбасшыларының саммитіне қатысты.**

Пленарлық сессияның ашылуынан кейінгі алғашқы сөз Қазақстан Президентіне берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, Қазақстан жаһандық климат күн тәртібін қолдайтынын растап, табиғаттың өзгеруіне қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықтың маңызы зор екенін атап өтті. Мемлекет басшысы еліміздің 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөнінде биік мақсат қойғанын еске салды.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұл міндетті орындау үшін нақты қаржыландыру көздері мен заманауи технологияларға арқа сүйейтінін айтты. Сондай-ақ «Климаттық қаржыландыру бойынша жаңа ұжымдық мақсат» (NCQG) аясында табиғат өзгерістеріне осал аймақтарға, әсіресе, теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдерге айрықша мән берілуі қажеттігіне тоқталды.

*– Әлемдегі зиянды шығарындылардың 1 пайызы ғана Орталық Азия елдеріне тиесілі. Соған қарамастан бұл аймақ көптеген климаттық қатерге ұшырап отыр. Табиғаттағы өзгерістерге қарай әрекет ету шараларының тиімділігін арттыру үшін біз жасанды интеллект, жерсерік арқылы мониторингтің озық технологияларын, қауіпті алдын ала ескертетін, су және жер ресурстарын анағұрлым тиімді басқаратын басқа да цифрлық құралдарды белсенді қолдануға тиіспіз,* – деді Президент.

Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығын тұрақты дамытуға көшу маңызды екенін жеткізді. Қазақстан «көміртекті егіншілікке», яғни ауаға таралатын парниктік газдардың мөлшерін азайту және топырақты құнарландыру арқылы ауыл шаруашылығын жүргізу әдістерін енгізуге қай жағынан да қолайлы мемлекет. Бұған еліміздегі ауыл шаруашылығына жарамды 200 миллион гектар жер мүмкіндік береді. Президент қызығушылық танытқан тараптарды Қазақстанның осы саладағы әлеуетін зерттеуге шақырды.

*– Еліміз әлемдік уран жеткізу ісінің 43 пайызын қамтамасыз етеді және көміртегі мөлшері төмен қуат көзі саналатын ядролық энергетиканы дамытуда маңызды рөл атқарады. Биыл қазан айында өткен жалпыұлттық референдумда халқымыздың басым бөлігі Қазақстанда атом электр станциясын салуды қолдады. Біз осы саладағы жетекші технологиялық алпауыттармен серіктесе отырып, аталған жобаның қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз етуге ұмтыламыз,* – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев дүниежүзіндегі су ресурстарына қатысты проблемаға тоқталды.

*– Климаттың өзгеруі жаһандық су цикліне әсер етіп отыр. Әлемдегі табиғат апаттарының 80 пайыздан астамы су төңірегінде орын алады. Биыл біздің еліміз бұрын-соңды болмаған алапат су тасқынымен бетпе-бет келді. Келешекте осындай төтенше жағдайлар кезінде жедел әрекет етіп, одан кейінгі қайта қалпына келтіру жұмыстарын тез атқару үшін қауіп-қатерді басқарудың кешенді жүйесін енгіземіз. Су мәселесіне жаһан назарын аудару мақсатында биыл желтоқсан айында Франциямен бірлесіп One Water саммитін өткіземіз. Форумға қатысушылар су ресурстарын жаһандық деңгейде басқару мәселелерін талқылайды. Бүгінде Каспий теңізіне қауіп төніп тұр. Әлемдегі ең үлкен көлді құтқару – баршаға ортақ міндет әрі бұл ұзақмерзімді халықаралық ынтымақтастықты талап етеді. Осы орайда Президент Ильхам Әлиевтің Каспий маңы мемлекеттерінің сарапшылар тобын құру туралы ұсынысын қолдаймыз. Сонымен қатар Қазақстан Арал теңізін құтқару үшін нақты шаралар қабылдап жатыр,* – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, Әзербайжанның COP29-ға табысты төрағалық еткені және саммитті жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Президент Ильхам Әлиевке ризашылық білдірді. Мемлекет басшысы әділ, инклюзивті әрі ашық климаттық күн тәртібін қалыптастыруда Қазақстанның халықаралық серіктестермен ықпалдастықты одан әрі нығайтуға дайын екенін жеткізді.

Саммитте 80-нен астам мемлекеттің басшылары, халықаралық және өңірлік ұйымдардың жетекшілері сөз сөйлейді деп жоспарланып отыр. COP29 Дүниежүзілік климат саммитінің аясында мемлекеттер басшылары Қасым-Жомарт Тоқаев, Ильхам Әлиев пен Шавкат Мирзиёев Қазақстан Республикасы, Әзербайжан Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы жасыл энергияны өндіру және беру саласындағы стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қойды. Мемлекет басшысы айтулы оқиға орнықты дамуға ортақ ұмтылыс тарихының жаңа парағын ашқанын атап өтті.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев COP29 Дүниежүзілік климат саммитінде ұсынылған Қазақстанның экспозициясымен танысты. Көрме еліміздің мәдениетін, инновациялық және экологиялық жобаларын паш етеді. Кеңістік табиғи материалдарды пайдалана отырып этностильде безендірілген. Осылайша ұйымдастырушылар халқымыздың дәстүрді берік сақтайтынын әрі экологиялық ұстанымды қолдайтынын көрсеткен. Президентке жасыл сутегін өндіретін Hyrasia One болашақ зауытының макеті таныстырылды.

**Akorda. kz**


БАСПАСӨЗ – 2025

РЕДАКЦИЯДАН: 1 ЖЫЛҒА – 3500 тг.

Тел.: 40-11-02, 8 705 870 70 76.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат 4006 бөлме.



ПОШТАДАН:

| ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (ҚАЛА) | ЖЕКЕ ТҰЛҒА (ҚАЛА) |
|---|---|
| 1 жыл – 7638,56 тг. | 1 жыл – 4066,40 тг. |
| ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (АУЫЛ) | ЖЕКЕ ТҰЛҒА (АУЫЛ) |
| 1 жыл – 4566,40 тг. | 1 жыл – 4066,40 тг. |
| ИНДЕКС 15771 | ИНДЕКС 65771 |

Таза Қазақстан
Жалпыұлттық экологиялық акция

## ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

# «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Үкімет 2024-2029 жылдарға арналған «Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетті дамыту тұжырымдамасын бекітті. Премьер-министр Олжас Бектенов тиісті қаулыға қол қойды.**

«Таза Қазақстан» тұжырымдамасы экологиялық мәдениетті дамытудың әртүрлі әдіс-тәсілін қамтитын кешенді әдісті қарастырады. Негізгі бағыттар экологиялық ойлауды қалыптастыруды, жауапты мінез-құлықты дамыту және оны ынталандыру шараларын, экологиялық білім беру мен ақпараттандыруды қамтиды.

Тұжырымдаманы іске асыру экология туралы азаматтардың хабардарлығын арттыруға, экологиялық әдеттерді қалыптастыруға және халықтың экологиялық бастамаларға қатысуын жандандыруға мүмкіндік береді.

Нысаналы көрсеткіштерге сәйкес, 2029 жылға қарай коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу деңгейін 25%-дан 38%-ға дейін арттыру, сондай-ақ экологиялық тәрбиені нығайту іс-шараларына тартылған оқушылар үлесін 15%-дан 40%-ға дейін ұлғайту жоспарлануда. Сонымен қатар азаматтардың экологиялық өмір сапасына қанағаттану деңгейін 55,8%-дан 64,7%-ға дейін арттыру күтілуде.

Тұжырымдаманы іске асыру қоғамдық орындарда коммуналдық қалдықтарды бөлек жинау инфрақұрылымын дамытуды, экологиялық қауіпсіз тәжірибелерді енгізуді және қоршаған ортаны ластауға «нөлдік төзімділік» мәдениетін қалыптастыруды көздейді.

Сондай-ақ Құжатта Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілді.

## ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ




# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАҒА АРНАЛҒАН МУРАЛ

**Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласында «Таза Қазақстан» акциясы тақырыбында мурал пайда болды. Аталған экологиялық бағдарламаның аясында облыста сенбілік шараларымен қатар осындай насихат жұмыстары да жүргізіліп келеді.**

Талдықорған қаласындағы «Бірлік» шағын ауданында №43 үйдің қабырғасында жуырда «Таза Қазақстан» акциясын бейнелейтін мурал салынды.

*- Талдықорған қаласында бүгінгі күні тұлғатану, туризм, экология т.б. тақырыптарда 14 мурал бар. Соның біреуі «Таза Қазақстан» акциясына арналып отыр. Бұл мурал қала әкімінің ұсынысына орай демеушілік көмек арқылы салынды. Қазір көпшілік жазба ақпаратты оқудан гөрі, көзбен қабылдауға бейім, сондықтан осы тақырыпты мурал арқылы насихаттағанды жөн деп таптық. Басты мақсат - тазалықты сақтау мәселесіне қала тұрғындарының назарын аударту, оған қоса «Таза Қазақстан» акциясының маңызын айшықтау,* - дейді Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетов.

Үш буын ұрпақтың ағаш егу сәті бейнеленген бұл суретті күнде көретін қала тұрғындары мұндай бастамаға разы.

*- «Таза Қазақстан» аясындағы сенбіліктерге үнемі қатысамыз. Себебі қала өзіміздікі, ертең бізден кейінгі жас ұрпақ осы жерде өсіп-өнеді, сондықтан қаланың тазалығы бәрімізге ортақ міндет. Кішкентай балаларға да өзіміз үлгі болуымыз керек. Осы муралды көргенде сол жауапкершілікті үнемі есіме аламын,* - дейді қала тұрғыны Нұржан Әлібаев.

Жалпы «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Жетісу облысында 1 990 техника жұмылдырылып, 10 714 тонна қоқыс шығарылып, 2 445 км арық желісі тазаланды. Облыс аумағында акция кезінде 40,1 мың түп көшет отырғызылды. «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы Жетісу облысында белсенді түрде ұйымдастырылып, тұрғындар тарапынан зор қолдауға ие болды. Бүгінгі күннің өзінде жалпыұлттық тазалық шарасына облыс бойынша 226 мыңнан астам адам атсалысты.

## ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

# «DIGITAL JETISU FORUM» – ЖАСТАРҒА ШАБЫТ БЕРЕДІ



**Жетісу облысында алғаш рет облыстық цифрлық технологиялар басқармасы мен «Jetisu Digital» IT-хабының ұйымдастыруымен цифрландыру және ақпараттық технологиялар қызметкерлері күніне орай «Digital Jetisu Forum» цифрландыру форумы өтті. Форум саладағы инженерлердің, IT-сарапшылардың, әзірлеушілердің, сала көшбасшыларының басын қосты. Бұл шара аймақтағы цифрлық саланы дамытудың негізгі тақырыптарын талқылауға арналған жаңа алаңға айналды. Атап өтсек, облыста көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 96%–ы автоматтандырылған, облыстың елді мекендерінің 95,2%-ында интернет жеткізілген, бұл ретте облыс орталығы-Талдықорған қаласында 5G желісі үшін 13 базалық станция орнатылған.**

Өңір басшысының атынан облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов кездесуге қатысушыларды құттықтап, тілегін тілдірді:

*– Бүгінгі іс-шара заманауи шешімдерді енгізуді жеделдетуге және өңірде ыңғайлы әрі тиімді цифрлық инфрақұрылымды құруға көмектесетін әдістерді талқылау, цифрлық технологиялар саласындағы мамандар мен сарапшылардың күш-жігерін біріктіру мақсатында ұйымдастырылып отыр. Цифрлық трансформация дәуірінде мемлекеттік құрылымдардың алдында қызмет көрсетудің жеделдігін арттыру ғана емес, сонымен қатар азаматтармен өзара іс-қимылдың әр кезеңінде ашықтық пен есептілік қағидаттарын енгізу міндеті тұр. Жалпы алғанда, Жетісуда көрсетілетін 289 мемлекеттік қызмет пен қосалқы қызметтердің 277-сі немесе 96% автоматтандырылды. Қызмет іске қосылған сәттен бастап 1 370 өтінім келіп түсті,* - деді Д.Есдәулетов.

Сонымен қатар өңірде салаларды цифрландыру бойынша бірқатар жобалар табысты жұмыс істеп жатқаны да сөз болды. Атап айтқанда, «Кілем жабыны» жобасы аясында полиция департаментінің жедел басқару орталығына 15 мыңнан астам бейнебақылау камерасы қосылған, сондай-ақ жол қауіпсіздігін күшейту үшін жол ережелерін бұзушыларды анықтауға және көлік легін өлшеуге мүмкіндік беретін 216 камера орнатылған.

Осы күні форум аясында «Әлеуметтік әмиян – мемлекеттік қолдау шараларын цифрландыру» тақырыбында пленарлық сессия ұйымдастырылды.

Жиында пікірталас алаңдарымен қатар IT компаниялардың, цифрландыру жөніндегі сарапшылардың цифрлық жобаларын ұсынатын «Jetisu IT Expo» көрмесі ұйымдастырылды. Оған телекоммуникация, деректерді талдау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, геокарталарды әзірлеу және т.б. салаларда жұмыс істейтін еліміздің әртүрлі қалалары мен аймақтарынан келген 12 отандық компания қатысты.

Форум аясында цифрландыру саласындағы жетістіктері үшін өңірдің IT-мамандары марапатталды.

«Цифрлық технологияларды ілгерілетуші» номинациясы бойынша «Future-IT» робототехника мектебінің негізін қалаушы директоры Дамир Нұркежанов жеңімпаз атанса, «Жылдың цифрлық жеткізушісі» номинациясында Қаратал орта мектебінің информатика пәнінің мұғалімі Кирилл Михов, ал «Стартап-мәдениеттің үздік тәлімгері» номинациясы бойынша Талдықорған жоғары политехникалық колледжінің бизнес – стаптабы жобаларының жетекшісі Әсел Құлынтаева жеңімпаз болды. Сондай-ақ, «Jetisu Digital» IT-хабының және «Astana Hub» IT-стартабы халықаралық технопаркінің ұжымы және басқалардың еңбегі атап өтілді. Оларға облыс әкімінің алғыс хаттары, арнайы мүсіншелер мен ақшалай сертификаттар берілді.

Форум соңында «Jetisu Idea Battle» идеялар байқауының қорытындысы шығарылып, оның аясында өңірдің дәстүрлі үздік стартаперлері өз жобаларын дамытуға берілетін ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

**Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ**

## ҰЛТТЫҚ МҰРА

# МӘДЕНИЕТ – РУХАНИ МӘЙЕК

**Жетісу облысында жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін аудан-қалалардың мәдениет күні биыл ерекше форматта ұйымдастырылды. Оның іріктеу кезеңі телевизиялық жоба түрінде өтіп, соңы гала концертпен түйінделді. Атап өтсек, байқау атадан балаға мұра болып келе жатқан төл өнерімізді, рухани құндылықтарымызды заман талабына сай жаңғыртып, насихаттау мақсатында өткізіліп келеді.**



Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы ұйымдастырған өнер сайысы «Дәстүрлі ән», «Эстрадалық ән», «Күй», «Би», «Терме, жыр толғау», «Ауылдың алты ауызы», «Айтыс» сияқты бірнеше номинациялар бойынша өтті. Мұнда бақ сынасқан облыстың сегіз аудан, екі қаласының өнерпаздары алдымен іріктеу турларында өз өңірлерінде өнер көрсетті. Ал електен өткен мықтылар Талдықорғанда финалдық сайыста өзара жарысқа түсті.

Байқауға әр номинацияның ерекшелігіне қарай, мәселен, «терме, жыр толғау» аталымында дәстүрлі әнші, ҚР Мәдениет қайраткері, Ерболат Шалдыбеков, «айтыс» номинациясына айтыскер ақын Жандарбек Бұлғақов, «би» номинациясына биші Талант Қылышбаев т.б. кәсіби мамандар төрелік етті.

Мәдениет күндері шарасының қорытындысы ретінде І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында мәдениет күндерінің гала концерті мен үздіктерді марапаттау салтанаты атқарылды.

## ҚАУІПСІЗДІК

# СУ ТАСҚЫНЫНА ДАЙЫНДЫҚ

**Жетісу облысында су тасқынына қарсы іс шаралар белсенді жүргізілуде. Осы орайда биылғы қыркүйек айында Панфилов ауданы Бұрақожыр өзенінің жағалауын нығайтылса, тағы бір учаске - Текелі қаласындағы Қора және Қаратал өзендерінің жағалауларын нықтау жұмыстары қазір қарқынды жүріп жатыр.**



Текелінің су тасқынына қатысты қауіптілігі жоғары саналады. Қаланың ішімен үш өзен - Қора, Шажа, Текелі ағып өтіп, үшеуінің түйіскен жерінен ары қарай Қаратал өзені жалғасады. Сондықтан мұндағы су тасқынының алдын алу жұмыстары «Жетісу облысын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған жоспарына» енгізіліп, қазір жұмыстар белсенді жүргізілуде.

Текелі қаласы әкімі аппаратының басшысы Қуандық Байсақовтың айтуынша, аталған жұмыстарға облыстық бюджеттен арнайы қаржы бөлініп, қазір құрылыс 4 учаскеде - жалпы ұзындығы 705 метр жерде атқарылуда.

Жалпы Жетісу облысында 2025 жылдың су тасқынына дайындық барысында 5,2 км су бұру арналары орнатылып, тазартылды, 400 метр қорғаныс бөгеттері салынып, жөнделді, 4,6 шақырым өзен арналары мен каналдарға механикалық тазарту жасалды, 5,6 шақырым өзендердің арналары тереңдетіліп, түзетіліп, жағалаулар нығайтылды. Сол сияқты 241 шақырым арық желісі, 215 шақырым каналдар және автожолдарда 2826 су өткізу құбырлары тазартылды. Су тасқыны кезеңіндегі төтенше жағдайларға жедел ден қою мақсатында аудандар мен қалалар әкімдіктері инертті материалдар, жанармай қоры мен қаптар дайындады, 913 бірлік жеке құрам күштері мен құралдары, 235 бірлік техника, 108 мотопомпалар әзірлікке келтірілді. Атап өтсек, келесі жылы облысты дамыту жоспарының аясында Панфилов ауданы Сүптай ауылында Тышқан өзенінің, Талдықорған қаласы Қаратал өзенінің жағалаулары нығайтылады.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі**

## ҚАРЖЫЛЫҚ АЙНАЛЫМ



# САЛЫҚ МӨЛШЕРІ 15,3 ЕСЕГЕ АРТҚАН

**Әкімдіктің мәжіліс залында қала әкімі Ернат Бәзілдің төрағалығымен Талдықорған қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану бойынша жергілікті кәсіпкерлермен жиын өтті. Оған кәсіпкерлер, кәсіпкерлік бірлестіктер, облыстық «Атамекен» ҰКП, облыстық және қалалық салық органдары өкілдері қатысты.**

Естеріңізге салсақ, қала әкімінің қолдауымен ағымдағы жылдың 12 ақпандағы №16-93 қалалық мәслихатың шешімімен бөлшек салық мөлшерлемесінің мөлшері 4%-дан 2%-ға төмендетілген болатын. Жиын барысында ағымдағы жылы кәсіпкерлер үшін қолданысқа енген бөлшек салық арнайы салық режимінің тиімділігі қорытындыланып, кәсіпкерлердің қаржылық айналымы мен төленетін салық көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда айтарлықтай артқаны байқалды.

*«Өткен жылы кәсіпкерлер тарапынан салықтың мөлшерлемесін төмендету төңірегінде үлкен мәселе көтерілген болатын. Біз шағын және орта бизнес саласын қолдау мақсатында салық мөлшерін төмендету үшін келелі жиын өткізіп, оң серпін беретіндігіне сенім артқан едік. Бүгінгі таңда бұл шешіміміз жақсы нәтижесін беріп, салықтық түсімдердің көлемі артып, бюджетке айтарлықтай қаражат түсіп отыр. Енді бұл мақсаттағы жұмыстарды жалғастырып, кәсіпкерлерімізге барынша қолдау танытпақпыз»,* - деді қала әкімі Ернат Бәзіл.

**Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі**

## ДІН-ДІҢГЕК

# ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ АДАСТЫРМАСЫН

**Жетісу облыстық дін істері басқармасының бастамасымен Талдықорған қаласында ақпараттық түсіндіру тобының кездесулері өтуде.**



2024 жылдың 8 қазан күні облыстық ақпараттық түсіндіру тобының мүшесі Рымтаев Әділет Рымтайұлы «Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету орталығы» мекемесінде «Әлеуметтік желі адастырмасын» атты тақырыпта кездесу өткізді.

Кездесуге орталық қызметкерлері мен қызмет алушы көп балалы аналар қатысты.

«Дін – ұстай алсаң қасиетің, ұстай алмасаң қасіретің» - дегендей, жиында дінаралық келісім мен ұлтаралық татулықты насихаттау, әлеуметтік желі мен БАҚ беттеріндегі жарияланымдардағы діни насихаттардың құқықтық негіздері, жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеу мәселелері талқыланды.

**Өз тілшіміз**

## АЙМАҚТЫ ДАМЫТУ

# 98 КӨШЕ ЖАРЫҚТАНДЫРЫЛАДЫ

**Облыс орталығы Талдықорған қаласында жарықтандыру мәселесі шешілуде. Айтар болсақ, үстіміздегі жылы 3-бөлімшеге 630 жарық шамдары орнытылып, Оңтүстік-батыс тұрғын үй алабын толықтай жарықтандыру жұмысы қолға алынды. Жетіген көшесіндегі түнгі жарық тарту жұмысы қараша айының соңына дейін аяқталады деп күтілуде.**

Шаһарда жалпы ұзындығы 498 шақырымды құрайтын түнгі жарық желілері тартылған. Бүгінде 640 көшенің 420-сы жарықтандырылған.

Қаланы түнгі жарық шамдармен қамту жұмыстары әлі де жалғасуда. Атап айтқанда, қазіргі таңда қала орталығынан бөлек, қаланың тысқары аудандары және саяжай мен жаңа бой түзеп жатқан шағын аудандарды түнгі жарықпен қамту жұмыстары жүргізілуде.

*«Біз 2025 жылы қала бойынша 2 жобаны іске асыру үшін жоба жасалды. Қаражатқа өтінім бердік. Егер жобамызға қаражат бөлінген жағдайда 54,5 шақырым болатын электр желілерін тартып, 98 көшені түнгі жарыққа қоспақпыз. Осылайша, қаланың Хутор ауданы және 10 саяжайдың орталық көшелері жарықтандырылатын болады»,* - деді қала әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетов.

Сонымен қатар, қала әкімі Ернат Бәзілдің тапсырмасына сәйкес қала аумағында түнгі жарыққа қосылмай қалып қалған көшелерді жарықтандыру жұмыстары да кезең-кезеңімен жалғасатын болады.

**Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі**

## ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

# МҮГЕДЕКТІГІ ЖӘНЕ СОТТЫЛЫҒЫ БАР АЗАМАТТАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

**Талдықорған қалалық әкімдікте қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков мәслихат депутаттары құқық қорғау өкілдері, білім саласы мекемелері, кітапхана, орталық бассейн басшылары және кәсіпкерлер қатысуымен жиын өткізді. Күн тәртібінде мүгедектігі бар азаматтарды, ата-ана қамқорлығынсыз қалған жұмысқа жарамды азаматтарды және Алматы және Жетісу облысы бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаменті Талдықорған қалалық пробация қызметі бөлімінің тіркеуінде есепте тұрған соттылығы бар азаматтардың жұмыспен қамтылу мәселесі қаралды.**



Айтар болсақ, Әлеуметтік кодекске сәйкес жергілікті атқарушы органдар мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарының санынан 2-ден 4%-ға дейінгі мөлшерде жұмыс орындарына квота белгілейді. Үкіметтің барлық әкімдерге квоталар белгілеу туралы тиісті хаты бойынша жоспар құрылған. Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы М.Шакенов: «Мүгедектігі бар адамдарды жұмыс орындарына квоталау бойынша нәтижелеріне тоқталсам. 2024 жылы 56 адамды жұмысқа орналастыру жоспарланған. Алайда, тек 7 адам ғана өзіне жұмыс тапты. Бұл категориядағы адамдар кітапхана, колледж, балабақша, аурухана, мектептерге орналасты. Ал ата-ана қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы азаматтарға жоспар бойынша 6 квота берілсе, соның 5-еуі тұрақты жұмысқа кірді. Кәсіпорындар басшылары бұл істе белсенділік танытты».

Талдықорған қалалық пробация қызметі есебінде тұрған азаматтар да жұмысқа тартылуда. Үстіміздегі жылы 29 адамға квота мөлшері қарастырылған. Олар «Айсұлу» тігін фабрикасына, «Атажан құрылыс» ЖШС, су шаруашылығы мекемелеріне жұмысқа тартылған. Алайда, соттылығы бар азаматтар еңбекақының аздығынан ұсынған жұмыстарға барғылары келмейтіндігін Е. Шыныбеков тілге тиек етті.

Жеңіс Саятбекұлы мүгедектігі бар адамдар үшін әлеуметтік бейімделудің маңызды екендігін айтты. Енді алдағы 2025 жылға арналған бос жұмыс орындарына берілетін квотаға назар аудару керектігіне тоқталды. Бұл ретте, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру квотасын қайта қарау ұсынылды. Сондай-ақ, мансап орталығы мамандары электронды еңбек биржасын пайдалана отырып, жұмысқа қабылдайтын адамдарды тіркеу арқылы қабылдау керектігін, сондай-ақ, жұмыссыздық мәселесін шешуде субсидияландыру жағдайы да бар екендігін түсіндірді.

**Данагүл МӘКЕН**

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

# ӘДЕП КОДЕКСІ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

**Жетісу облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзекті мәселесіне арналған семинар өтті. Іс-шараға түрлі мемлекеттік органдардың өкілдері, соның ішінде департамент, мәслихат, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және Мемлекеттік қызмет агенттігінің басшылығы қатысты.**



Бейнеконференц байланыс арқылы семинарға аумақтық мемлекеттік кірістер басқармалары мен кеден бекеттерінің қызметкерлері де қатысуға мүмкіндік алды. Семинардың негізгі мақсаты - мемлекеттік қызметшілердің құқықтық және этикалық мәдениетінің деңгейін арттыру, сондай-ақ оларды сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың заманауи әдістерімен таныстыру болды.

Жетісу облысы бойынша мәслихат төрағасы - әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі Г.Тойлыбаеваның айтуынша, мемлекеттік қызметшілер өз жұмысында адалдық, объективтілік және бейтараптық қағидаттарын басшылыққа алуы тиіс. Ол мүдделер қақтығысын болдырмаудың маңыздылығын және қызметтік жағдайды жеке мақсатта пайдалануға жол бермеуді ерекше атап өтті.

*«Әрбір мемлекеттік қызметші халыққа қызмет ететінін және үлгі болуға тиіс екенін есте ұстауы керек»,* - деп атап өтті Г.Тойлыбаева.

Семинар барысында Мемлекеттік кірістер органдарындағы лудомания фактілерінің алдын алу және жолын кесу тақырыбы да талқыланды. Сондай-ақ, семинарға қатысушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы бейнероликтер көрсетілді.

**Мемлекеттік кірістер департаменті**

## ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ

# ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІ ЕСКЕРІЛЕДІ

**Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл азаматтардың жеке мәселелері бойынша қабылдады.**



Талдықорғандықтар тұрғын үй кезегі, әлеуметтік салаға және ауланы абаттандыру, жер мәселесіне қатысты сұрақтармен келді. Шаһар басшысы қабылдауға қатысқан 20 азаматтың да сауалдарына тиянақты жауап берді. Сала басшыларына тиісті тапсырмалар жүктеді.

## ЖАСТАР САЯСАТЫ

# «ЖЫЛ ВОЛОНТЕРІНЕ» ӨТІНІМДЕР ҚАБЫЛДАНУДА

**5 желтоқсан – Халықаралық волонтерлер күніне орай үздік волонтерлерді марапаттау, ынталандыру және жеткен жетістіктерін халыққа таныстыру мақсатында Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасының ұйымдастыруымен «Жыл волонтері» облыстық сыйлығын өткізу жоспарлануда. Бұл байқау — өз қоғамына көмек көрсетуді мақсат еткен жандарды тану және қолдау мүмкіндігі. Осы орайда толық мәліметтермен Қоғамдық даму басқармасының бас маманы Жанерке Бексеитова мен «Мейірімді Жетісу» облыстық волонтерлер фронт-офисінің жетекшісі Матвей Шведин таныстырып өтті.**

Аталмыш шараға қатысуға өтінімдерді қабылдау ағымдағы жылдың 7-15 қараша күндері аралығында жүргізіледі. Премия 10 номинация бойынша өткізіледі. Атап айтар болсақ, білімді әйгілеудегі, сауаттылық деңгейін арттыруға, денсаулық сақтауды дамытуға белсенді қатысқан, төтенше жағдайларды жоюға, хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздеуге, салауатты өмір салтын насихаттауға белсенді қатысқаны үшін, қоршаған ортаны сақтау және қорғау, тарихи-мәдени мұраларды сақтауға және дамытуға, жануарларды қорғау мәселелерін және әлеуметтік міндеттерді шешуге қосқан үлесі үшін қоғамдық пайдалы міндеттерді шешуде белсенділік танытқан жандарға беріледі. Сонымен қатар «Үздік волонтерлік ұйым», «Жыл волонтері» – ең белсенді және нәтижелі волонтерлік қызмет көрсеткені үшін тағайындалады. Айта кетерлігі, волонтерлік ұйымдар үшін мемлекеттік тіркеу туралы анықтама, осы қызметті растайтын құжаттар міндетті болып табылады. Үміткерлер тек бір номинацияға ғана қатыса алады. Жеңімпаздар Халықаралық волонтерлер күніне орай салтанатты түрде марапатталып, әр жеңімпазға 300 мың теңге көлемінде сыйақы табысталады.

**Назерке ӘДІЛБЕКОВА**

## ӨНЕГЕ

# АРДАГЕРЛЕР ТУРНИРІ

**Талдықорған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен Ардагерлер арасында үстел теннисінен қалалық ашық турнир өтті. Бұл жолы жарыс жолына 20-ға жуық ардагерлер қатысып, өзара мықтыларын анықтады.**



Жарыстың аты – жарыс. Тартысты ойын нәтижесінде жеңімпаздар жүлделі орындарды иеленді.Ерлер арасында: I орынды - Ришат Нисанбеков алса,

II орын - Юрий Ким, III орынды - Жанат Чегировке бұйырды. Ал әйелдер арасында жүлделі I орынды Гүлнар Бабаева, II орынды Қатипа Нусипова, III орынды Гүлзада Бердешева өзара бөлісті. Жеңімпаздарға сый-құрмет көрсетілді.

**Өз тілшіміз**

## І.ЖАНСҮГІРОВКЕ – 130 ЖЫЛ

# ЖЫР ҚҰЛАГЕРІНЕ ТАҒЗЫМ

**«Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі және І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Zhansugurov College» бірлесе Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру мақсатында қазақ поэзиясының Құлагері Ілияс Жансүгіровтің 130 жылдық мерейтойына орай «Ілияс әлемі » атты қалалық мәнерлеп оқу байқауын ұйымдастырды. Сайыстың аты сайыс, оза шапқандар анықталды.**

Әділқазылардың шешімімен Ілияс Жансүгіров колледжінің білімгері Нұрайжан Жапкен 1-орынға лайық деп табылды.

Ал 2-орынды Талдықорған қаласының инновация колледжінен Аяна Өтеулі, Талдықорған аграрлық - технологиялық колледжінен Мирас Даулетханов еншіледі.

Сондай-ақ, Талдықорған жоғары медициналық колледжі білімгері Арай Сәлім, Талдықорған қаласының «Авиценна» медициналық колледжі білімгері Нұрасыл Бекболат және Сервис және технология колледжі білімгері Үлпан Сатылхан жүлделі 3-орын тұғырынан көрінді.

Ынталандыру сыйлығына Нұртуған Тұрғанбек пен Нұрдос Бағат ие болды.



Байқау қатысушылары бағалы сыйлық, диплом және де жетекшілер алғыс хаттармен марапатталды.

**Өз тілшіміз**

## САЛАУАТТЫ ӨМІР

# ЖАСТАР ЖӘНЕ СПОРТ

**Нашақорлық – зиянды, онымен қоғам болып күресу парыз. Есірткіге әуеледі болу – ессіздік. Қоғам дертімен күрес үнемі жүргізіліп келеді.**

Облыстық білім басқармасының дене тәрбиесі, спорт, алғашқы әскери дайындық және қосымша білім берудің ғылыми-тәжірибелік орталығы «Алтын доп» бәсекесін ұйымдастырды. Қала мен аудандардан 100-ге жуық командада қатысып, 3 күн бойына өзара мықтыларын анықтады. Доп додасында облыстық білім басқармасының басшысы Марат Сүлейменов сөз сөйлеп, спортшыларға ізгі тілек білдірді.



Орталықтың басшысы А.Қасеновтың айтуынша, спорттық шараның басты мақсаты - оқушылар арасындағы волейбол, баскетбол ойынын дамыту, жасөспірімдер арасында саламатты өмір салтын насихаттап, ойыншылар шеберлігін шыңдау.

Талдықорған төрінде өткен шарада 5-6, 7-8, 9-11 сынып оқушылары арасындағы турнир ойыншылардың жеңіске деген құлшыныстары ерекше болды. 9-11 сынып қыздары арасында 1-орын төрінен Талдықорған қаласының командасы, ал ұлдар арасында Панфилов ауданы көрінді. Жарыс жеңімпаздары дипломмен, медаль, кубоктармен марапатталды. Шара соңында жастарға баскетбол, волейбол доптары сыйға тартылды.

**Өз тілшіміз**

## ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

# ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

**Ағымдағы жылдың шілдесінен бастап 216 «СЕРГЕК» автоматты бекіту жүйесінің камералары орнатылды. «КРИС-П» 8 фото-радар кешендері сертификаттаудан және әкімшілік деректер базасымен интеграциялаудан өткізіліп, олар да қызметте жылдамдықты асыруы мүмкін жерлерде қолданылуда. Сондай-ақ, балалардың жол-көлік жарақаттануының алдын алу мақсатында мектептер мен мектепке дейінгі мекемелердің жанындағы жаяу жүргіншілер өткелдерінде бірқатар балалар макеті орнатылды. Бұл жөнінде Жетісу облысы ПД жергілікті полиция қызмет басқармасының бастығы, полиция полковнигі Қайсар Мұхметов баспасөз мәслихатында мәлімдеді.**

Спикердің айтуынша облыс аумағында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында күшейтілген жүйелі жұмыс жүргізілуде. Мәселен, жыл басынан бері «Жаяу жүргінші», «Мас жүргізуші», «Назар аударыңыз, балалар», «Автобус», «Жолдағы қабылдау», «Жылдамдық», «Тонировка» сияқты жедел – профилактикалық іс-шаралар өткізіліп, олардың барысында жол қозғалысы ережелерін сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Апаттың жай-күйі мен себептерін талдау негізінде ұйымдастырушылық-практикалық шаралар қабылданды. Ең аварииялық учаскелер анықталып, күштер мен құралдардың орналасуы қайта қаралды, нарядтардың тығыздығы күшейтілді, кешенді нысаналы жұмыстар жүргізілуде. Қайсар Жақсылықбекұлы «ЖКО жасау себептері көбінесе жоғары жылдамдықты шектен асыру, жаяу жүргіншілердің немесе жол қозғалысына қатысушылардың қозғалыс ережелерін және қарсы қозғалыс немесе басып озу ережелерін бұзу, жергілікті аймаққа жоғары жылдамдықты шектен асыру салдарынан орын алады. ЖКО салдарынан қаза тапқандардың саны былтырғы жылмен салыстырғанда Алакөл ауданы мен Кербұлақ ауданында өсті. Аталған аудандарда адам өлімімен ЖКО өсуінің тағы бір себебі, ҚАПББ бастықтарымен осы аумақта қызмет атқаратын Патрульдік полиция батальон қызметкерлері және оның басшыларымен дұрыс шаралар қабылдамауынан орын алып отыр. Өліммен аяқталған ЖКО-ның әрбір дерегі бойынша қызметтік тергеу жүргізіліп, кінәлі тұлғалар мен олардың басшылары қатаң тәртіптік жауаптылыққа тартылды»-деп аталмыш оқиғалардың алдын алу мақсатында апта сайын жұма, сенбі және жексенбі күндері жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша жедел-профилактикалық және рейдтік іс-шаралар өткізілетіндігін атап өтті. Аймағымыз республика көлемінде жол көлік оқиғасы бойынша 9 орында тұр. Жол көлік оқиғаларын болдырмау және жол қозғалысына қатысушылардың барлығының жол қозғалыс ережелерін сақтауын қамтамасыз етуде жасырын патрульдеу әдісі бойынша ішкі істер органдарына бекітілген арнайы 3 автопатруль көліктері қызмет атқармақ. Оның көмегі бойынша тәулігіне 4 мыңға жуық заң бұзушылықты анғаруға болады.

**Назерке ӘБІЛҒАЛИҚЫЗЫ**

СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО

# ДО ДЕКАБРЯ ПРОДЛИТСЯ УБОРКА САХАРНОЙ СВЕКЛЫ



**Уборка сахарной свеклы в области Жетісу продлится до первой декады декабря, об этом на брифинге в Доме журналистов сообщил заместитель руководителя управления сельского хозяйства Бахтияр Шампиков.**

Как отметил спикер, по сравнению с прошлым годом посевная площадь сахарной свеклы увеличилась на 5,5 тыс. га. На сегодняшний день из 13,7 тыс. га убрано 10,9 тыс. га или 80%, накопано 526,3 тыс. тонн сладкого корнеплода, урожайность составила 484,5 центнеров с гектара.

На сахарные заводы региона реализовано 421,3 тыс. тонн нового урожая: на Коксуский сахзавод – 200,6 тыс. тонн, на Аксуский сахзавод – 220,7 тыс. тонн.

*«Кроме этого, Аксуский сахарный завод принял из Жамбылской области 27,0 тыс. тонн сахарной свеклы, согласно соглашению между нашим заводом и 12-ю крестьянскими хозяйствами соседней области. Тря дня назад прием урожая извне на время приостановлен,* - отметил Бахтияр Шампиков. - *Ежедневно по утвержденному графику сахзаводы принимают 5-6 тыс. тонн сладкого корнеплода или 200-250 машин в день. В течение последующих 25 дней Коксуский сахарный завод выйдет на полную мощность – 250 тыс. тонн, поэтому урожай, собранный крестьянскими хозяйствами Ескельдинского, Коксуского, Каратальского и Кербулакского районов, будет полностью направлен на Аксуский сахарный завод с большей мощностью. Уже на сегодня ими на данный завод сдано 33,2 тыс. тонн свеклы».*

По словам спикера, ожидается, что с оставшихся 2,8 тыс. га будет собрано 118,2 тыс. тонн культуры.

В активном режиме работает созданный областной оперативный штаб по вопросам приема сахарной свеклы. Заседания штаба проводятся ежедневно, где всесторонне рассматриваются возникшие проблемы, по которым принимаются необходимые меры.

МАЛЫЙ БИЗНЕС

# МЕДИЦИНСКИЕ МАНЕКЕНЫ ИЗГОТАВЛИВАЮТ В ТАЛДЫКОРГАНЕ

**Предприниматель из Талдыкоргана Саркытжан Шингожина, открыв ИП «Саркыт», с 2020 года занимается изготовлением медицинских манекенов, муляжей, стимуляторов.**

История предпринимательской деятельности началась с участия в тендерах и госзакупках. Выиграв один из них, Саркытжан Шингожина сделала поставку медицинских товаров в медколледж. После ей, как добросовестному поставщику, поступило предложение о поставке медицинских манекенов. После изучения рынка предпринимателю пришла идея самим заняться производством данного вида товара.



*«Медицинские манекены тренажеры – это учебные инструменты, являющиеся неотъемлемой частью процесса обучения, где главное - показать студентам, как правильно применить тот или иной инструмент на практике, чтобы в будущем они смогли максимально быстро и эффективно помочь пациенту. После знакомства с данными изделиями и изучения рынка мы приобрели вакуум-формовочный станок, собранный у нас в Казахстане. И методом проб и ошибок выпустили манекен для инъекций, получивший положительное одобрение в учебном заведении. После стали изготавливать другие манекены и муляжи отдельных органов и частей тела»,* - рассказала Саркытжан Шингожина.

Сегодня станок успешно осваивает сын Саркытжан Аманбаевны – Алибек, и по его словам, это непростое дело.

*«Иногда, чтобы сделать один муляж, приходится тратить время и портить сырье. Но мы добиваемся конечного хорошего результата. В изготовлении манекенов и муляжей применяем прочные и упругие материалы – жидкий полиуретановый пластик и поливинилхлорид, приобретаемые нами в Китае. И чем качественнее материал, тем реалистичнее выглядит изделие, которое поможет лучше справиться с задачей по оказанию медицинской помощи»,* - в свою очередь отметил молодой человек.

В целом, это малое производство, где выпуск манекенов зависит от поступаемых заказов. В основном они больше востребованы в южной столице – Алматы, где больше медицинских учебных заведений и учреждений здравоохранения.

*«Мы и дальше намерены работать в выбранном направлении. А расти и развиваться нам помогает государственная поддержка, которой мы воспользовались. Наряду с субсидированием получить кредит нам помогла гарантия Фонда «Даму» в размере 85% от суммы кредита»,* - добавила предприниматель Саркытжан Шингожина.

Так, ИП «Саркыт» получил кредит в АО «Банк ЦентрКредит» на инвестиции. В рамках программы «Национальный проект по развитию предпринимательства на 2021-2025 годы» они смогли снизить процентную ставку до 8% по инструменту «субсидирование».

БЕЗОПАСНОСТЬ

# ГОТОВЯСЬ К ПАВОДКАМ ЗИМОЙ

**Филиалом Жетісу РГП «Казводхоз» на 2025 год выделяются средства из республиканского бюджета на проведение противопаводковых мероприятий - работ по очистке от снега эксплуатационных путей и территорий ГТС, заготовке инертных материалов и горюче-смазочных материалов, восстановлению плотины (дамбы), формирующей главный канал, очистке нижнего и верхнего бьефов и др.**

По информации пресс-службы предприятия, по окончании вегетационного периода на основании приказа Центрального аппарата РГП «Казводхоз» в целях принятия оперативных решений в паводковый период с октября по декабрь создается штаб и комиссия по предупреждению, ликвидации чрезвычайных ситуаций и проводится ряд мероприятий. В частности, подготавливаются необходимые инертные материалы и запасы горючесмазочных материалов, спецтехника и автотранспорт; в зимний период сооружения, территории и эксплуатационные пути регулярно очищаются от снега и льда; с января по июнь организуется круглосуточное дежурство в целях безаварийного пропуска паводковых вод, проверяются механизмы железных ворот на водохозяйственных объектах, ведется круглосуточный контроль объема воды в водоемах и режима их работы.

*«Центральным аппаратом в соответствии с приказами областной администрации в феврале 2025 года совместно с Балхаш-Алакольской бассейновой инспекцией, ДЧС и местными исполнительными органами будут обследованы все водохозяйственные объекты. При возникновении чрезвычайных ситуаций на водохранилищах вода направляется в реки с аварийным и донным сбросом воды. Разработана и утверждена схема оповещения в случае возникновения ЧС на водохозяйственных объектах филиала и составлены карты опасных участков»,* - отметили в пресс-службе предприятия.

С 7 октября текущего года в соответствии с приказом управления сельского хозяйства области Жетісу от 01 октября 2024 года №86-б б/н создана рабочая группа по обеспечению безопасности с целью предупреждения снежных лавин и оползневых паводков, подтоплений, селевых проездов, проведения визуального осмотра гидротехнических сооружений. Ситуация находится на постоянном контроле, принимаются все меры по недопущению возникновения чрезвычайных ситуаций.

АКТУАЛЬНО

# «АУЫЛ АМАНАТЫ»: БИЗНЕС ВНЕС СВОИ ПРЕДЛОЖЕНИЯ

**В Талдыкоргане прошло заседание постоянной комиссии по вопросам сельского хозяйства, земельных отношений, ветеринарии и экологии, на котором рассмотрены вопросы деятельности организаций, оказывающих финансовую поддержку в сфере сельского хозяйства, а также исполнение работ в рамках программы льготного кредитования «Ауыл аманаты».**

В ходе заседания отмечено, что в прошлом году на финансирование сельского хозяйства области было выделено и освоено 33,8 млрд тенге, из которых 27,2 млрд тенге (80,5%) составляют субсидии. В период с января по сентябрь текущего года общий объем сельскохозяйственной продукции составил 293,7 млрд тенге.

В рамках программы «Ауыл аманаты» в прошлом году было выдано 3,2 млрд тенге 535 жителям сельской местности, из которых 2,9 млрд тенге (92,7%) были направлены на развитие животноводства, что позволило приобрести 10495 голов скота. Также было поддержано 38 проектов в других сферах бизнеса на сумму 256,6 млн тенге.

В текущем году по данной программе из республиканского бюджета выделено более 2,8 млрд тенге, одобрено более 340 кредитов. Однако, финансовые средства заемщикам по сей день не выданы, что усложняет дальнейшее подтверждение целевого направления займа, так как цены на приобретение скота, сельскохозяйственной техники и оборудования выросли.

